

"Бәсекелі ортаға берілуге тиісті мүліктердің тізбесін бекіту туралы" 2007 жылғы 5 қаңтардағы N 894 қаулыға өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2007 жылғы 16 шілдедегі N 177 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2007 жылғы 20 шілдеде N 2450 тіркелді. Күші жойылды - ШҚ облысы әкімдігінің 2010 жылғы 21 қазандағы N 592 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ШҚ облысы әкімдігінің 2010.10.21 N 592 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының негізінде, Өскемен және Семей қалалары әкімдерінің 2007 жылғы мамырдағы өтініштерін ескере отырып , Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Бәсекелі ортаға берілуге тиісті мүліктердің тізбесін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2007 жылғы 5 қаңтардағы N 894 қаулысының тізбесіне (2007 жылғы 30 қаңтардағы тіркеу немірі 2439 "Рудный Алтай" 2007 жылғы 6 ақпандағы N 18 (256), "Дидар" 2007 жылғы 10 ақпандағы N 13 (15764) газеттерінде жарияланды) мынадай өзгерістер енгізілсін: тізбеден 2-ші және 9-тармақтар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы 2007 жылғы 30 мамырдан бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі